

«Бақжан» бөбекжай-бақшасы ЖШС «Бағым» филиалы
ұжымының педагогикалық жиналысының
№1 хаттамасы

31.08.2023 ж

Қатысқандар толық педагогтер

Педагогикалық кеңес төрағасы:
Хатшы:



Байхожаева А.
Ерғараева Ә.

Тақырыбы: : «Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы; тәрбие – оқыту процесінің бағытын ұйымдастыру»
Өтілу түрі: жоспарлау

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекіту, хатшы сайлау.
Байхожаева А.-бөбекжай-бақша меңгерушісі
2. Бөбекжай жұмысының жаңа оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекітуге ұсыну
Байхожаева А.- бөбекжай-бақша меңгерушісі
3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандартымен және әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру
Байхожаева А.-әдіскер
4. Ағымдағы мәселелер:
 - ❖ Оқу жұмыс жоспары
 - ❖ бағдарламалар, шығармашылық жобаларды және педагогтардың перспективалық жоспарларын, циклограммасын, мамандардың ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесін, күн тәртібін бекіту
 - ❖ Педагогтардың біліктілікті арттыру курстарынан өту кестесі;
 - ❖ Топ балалар тізімдері
 - ❖ Әдістемелік кеңес, аттестаттау , сараптау кеңес құрамын бекіту;
Байхожаева А. -бөбекжай-бақша меңгерушісі

ТЫҢДАЛДЫ: Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекіту, хатшы сайлау.

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай -бақшасының меңгерушісі Байхожаева А. педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтап, жаңа оқу жылы шығармашыл, табысты болсын деп, педагогикалық кеңес төрағасына бөбекжай-бақша меңгерушісі Байхожаева А. құрамы тәрбиеші-педагогтер, хатшы етіп тәрбиеші Ерғараева Ә. сайлауды ұсынды.

Қаулы етті: Педагогикалық кеңес құрамы мен хатшысы бірауыздан мақұлданып сайлансын.

II ТЫҢДАЛДЫ: Жазғы сауықтыру кезеңдегі жұмыстарды қорытындылау (сауықтыру жұмысының сараптамасы).

СӨЙЛЕДІ: меңгеруші Байхожаева А. жаз мезгілінде балабақшаның сауықтыру іс-шаралары жоспар бойынша медбикенің жетекшілігімен сауықтыру шаралары уақытылы өткізіліп, әдіскер тарапынан басшылыққа алынды. Тәрбиешілер таңертеңгі қабылдауды учаскелерде ұйымдастырып, таңғы жаттығуды есік алдында жүргізді. Айына бір рет медбике ата-аналарға жаз мезгілінде болатын жұқпалы аурулар және олардың алдын-алу туралы кеңестер берді. Тәрбиешілер әр аптаның бесінші күні балалармен апталық тақырыпты қорытындылау есебінде тақырыпқа сай ойын-сауықтар өткізді. Барлық өткізілген жұмыстар тәрбиеленушілердің денсаулығын қорғау, денсаулық мәдениеті негізі арқылы келесі тапсырмалардың шешімін табуға мақсатқа жетуге бағытталды,-деді.

Қаулы етті: Жазғы сауықтыру шараларының орындалуы қанағаттанарлық.

ІІІ ТЫНДАЛДЫ: Бөбекжай жұмысының жаңа оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай-бақша меңгерушісі Байхожаева А. жылдық жоспармен таныстырып, ондағы алдағы атқарылатын шаралармен қысқаша таныстырып өтті.

Жылдық жоспардың мақсаты мен міндеті балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау. Мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау; азаматтылықты, қазақстандық патриотизмді, Отанға, отбасына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу. Балаларды қызықты ойын түрінде білім беру дағдыларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту және дамыту.

Оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары мектепке дейінгі ұйымның маңызды актісі болып табылады. Ол «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Қойылған міндеттерге сәйкес жылдық жоспар келесі құрылымдық компоненттерді қамтиды.

Өткен жылғы жұмысты талдау.

Жоспарлаудың тиімділігі көбінесе өткен жылдағы жоспардың орындалуын сапалы талдауға байланысты, оның негізінде алдағы жылға арналған міндеттер анықталады. Жоспар бөлімдері бойынша құрылымның нақты болуы мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін талдауға қойылатын негізгі талаптар болып табылады деп, денсаулық пен салауатты өмір салтын қамтамасыз ету, мектепалды топ балаларының мектепте оқуға дайындық деңгейі талданады (Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша мектепалды топ балаларының қорытынды мониторингі). Әрі қарай, осы бөлім бойынша жалпы қорытындылар; педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру нәтижелері, оларды аттестаттау және біліктілігін арттыру; келесі жылға педагогтердің әдістемелік көмекке өтінімдері (сауалнамаларды талдау, бақылау нәтижелері бойынша); МДҰ-дағы әдістемелік жұмыс жүйелері талданады. Тәрбиелеу-білім беру процесінің ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуі, инновациялық әрекет, эксперимент әрекеті бойынша нәтижелер талданады; тәрбиеленушілердің ата-аналарымен өзара байланыс (ата-аналардың сауалнамасының нәтижелері бойынша); мектепке дейінгі ұйым мен жалпы білім беретін мектептің бірлескен жұмыс жоспарларының орындалуы; басқа ұйымдармен жұмыс нәтижелері талданады. Жалпы тұжырымдар; әкімшілік-шаруашылық жұмыстың қорытындылары талданады және балалардың мектепке дейінгі ұйымда

болуының материалдық-техникалық және медициналық-әлеуметтік жағдайлары бағаланады. Мектепке дейінгі ұйым қызметінің негізгі міндеттері ағымдағы оқу жылында Үлгілік оқу бағдарламасы мен Жылдық жоспарды іске асыруды талдау барысында анықталған мәселелер болып табылады. Жылдық жұмыс жоспарында қызмет бағыттары бойынша негізгі міндеттер айқындалады. Міндеттер әрбір мектепке дейінгі ұйым үшін басты болып табылады және өткен жылғы жұмысты талдау негізінде анықталады, оның барысында жұмыстағы проблемалық сәттер айқындалады, - деп жылдық міндеттерді шешуге бағытталған іс шараларға тоқталып өтті.

Қаулы етті: Бөбекжай-бақшаның жылдық жоспары бекітілсін.

IV ТЫҢДАЛДЫ. Бөбекжай-бақшада сараптау комиссиясының және аттестаттаудан өтетін педагогтар құрамын бекіту.

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай -бақша меңгерушісі Байхожаева А. өткен оқу жылында біліктілік санатын алуға өтініш берген педагогтар туралы айтып өтті.

Сараптамалық топ – педагог қызметкерлердің кәсіби деңгейін және біліктілік талаптарына сәйкестік дәрежесін бағалайды. Сондықтан, бөбекжай -бақша ішінен сараптама комиссиясының құрамын тағайындау керек, деп кандидаттарды атап өтті.

Қаулы етті: Бөбекжайдың сараптау комиссиясының құрамы бекітілсін.

V ТЫҢДАЛДЫ: 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру

СӨЙЛЕДІ: Меңгеруші Байхожаева А. әдістемелік нұсқау хат 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда меншік түрлері мен нысанына, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына, әдіскерлері мен педагогтеріне әдістемелік көмек көрсетуге арналған. Бүгінгі күні елімізде балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеумен және оқытумен қамтумен бірге мектепке дейінгі ұйымдар ұсынатын қызметтің сапасын арттыру үшін кешенді шаралар қабылдануда.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі (бұдан әрі – Модель) бекітілді [1]. Аталған Модельді іске асыру асыру әр баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті жетілдіру арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын трансформациялауға бағытталған.

Моделді іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – Стандарт) [2], Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары [3] және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) [4] мазмұны қайта қаралып бекітілді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жүзеге асыру үшін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына әдістемелік нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) [5] әзірленді. Сонымен қатар Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгерту бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары әзірленді [6].

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды даярлық сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат Қазақстан Республикасының «Білім туралы» [8], «Педагог мәртебесі туралы» [9] Заңдары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі [1], Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы [10] негізінде әзірленген.

Қаулы етті: Әдістемелік нұсқаулық хатты жұмыс барысында қолданылсын.

VII ТЫҢДАЛДЫ: Тілдер туралы Заңының орындалысы және Тілдер мерекесін атап өту

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай-бақшасының меңгерушісі Байхожаева А. Қазақстан Республикасының Президенті өзінің Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстанның тіл саясатын айқындады: «Қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі, ағылшын тілі - жаһандық экономикаға сәтті интеграциялану тілі». Осының бәріне сүйене отырып, қазіргі уақытта жалпы Қазақстан Республикасында да, мектептер мен мектепке дейінгі ұйымдарда да тіл саясаты бойынша көптеген жұмыстар жүргізілуде. «Тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру, мемлекеттік тілді насихаттау, тілдердің қолданылуы мен дамуының Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру бөбекжайдағы іс қағаздары, соның ішінде бұйрықтар кітаптары, педагогикалық кеңестердің хаттамалары мемлекеттік тілде жүзеге асырылады. «Тіл туралы» Заңға сәйкес бөбекжайдағы барлық көрнекіліктер дизайны жасалған. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңын жүзеге асыру, мемлекеттік тілді насихаттау барлық педагогтардың басты мақсаты болып табылады және бөбекжайдың барлық мерекелік жұмыстары жүйелі жүзеге асырылады. Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруда мемлекеттік олимпиадалар, интеллектуалды ойындар ерекше орын алады. 2022-2023 оқу жылында бөбекжай тәрбиеленушілері олимпиадаларға, күндізгі және сырттай олимпиадаларға, мемлекеттік тілдегі зияткерлік ойындарға белсенді қатысты. Бөбекжайдың педагогикалық ұжымы жыл сайын мерзімді басылымдарға жазылуға белсенді қатысады. Педагогтар газетке, журналға орыс тілінде де, мемлекеттік тілде де жазылады. Әр апта сайын, дүйсенбіде, жалпы салтанатты түрде Қазақстан Республикасының Гимнін орындаудан басталатын жалпы бөбекжай жұмысының саптары өткізіледі. іс-шаралар да Қазақстан Республикасының Гимнін орындаудан басталады. Бөбекжайдағы барлық іс-шаралар мен мерекелер екі мемлекеттік тілде өтеді. Жалпы, «Тілдер туралы Заңды» жүзеге асыру жұмыстары бөбекжай әкімшілігінің тұрақты бақылауында және ол орындалуда.

VIII ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай -бақша меңгерушісі Байхожаева А. ағымдық құжаттарды бекітуге тоқталып өтті. Педагогтардың өзіндік білім жетілдіру тақырыптарын

**«Бақжан» бөбекжай-бақшасы ЖШС «Бағым» филиалы
ұжымының педагогикалық жиналысының
№2 хаттамасы**

31.10.2023 ж

Қатысқандар толық педагогтер

Педагогикалық кеңес төрағасы
Хатшы:



Байхожаева М.
Трғараева Ә.

Тақырыбы: Біздің Балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігі

Күн тәртібінде:

«Балалардың физикалық қасиеттерін дамыту» (шығармашылық есеп беру)

Тәрбиеші- Бектурсынова А.

«Ұйқыдан кейінгі жаттығуды жүргізу әдістері» (өз тәжірибесімен бөлісу)

Тәрбиеші- Султанова М.

Көрме: «Балабақшадағы денсаулық сақтау технологиясы»

Тәрбиеші-Кузерова Ж.

І ТЫНДАЛДЫ: №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай-бақшасының меңгерушісі: Байхожаева М. өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалу барысына қысқаша тоқталып өтті. Бөбекжай-бақшаның жылдық жоспарына сай ұйымдастырылған жұмыстар уақытында жүргізілуде. Топтардың ата-аналар жиналысы өткізіліп, бөбекжай-бақшаның күн тәртібімен таныстырылды. Жылдық жоспарға сәйкес әдістемелік жұмыстар жүргізілуде.

Қаулы етті: Өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы қанағаттанарлық.

ТЫНДАЛДЫ:

«Балалардың физикалық қасиеттерін дамыту» шығармашылық есеп беру

СӨЙЛЕДІ: Бірінші мәселе бойынша бөбекжай- балабақша тәрбиешісі Бектурсынова А. сөз алды. Дене тәрбиесі балалардың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды көздейді. Балалардың моторикасы мен дағдыларын уақтылы қалыптастыру, физикалық қасиеттерін дамыту (ептілік, жылдамдық, икемділік, күштің төзімділігі және т.б., мәдени-гигиеналық дағдылар мен әдеттерді тәрбиелеу, физикалық және ашық ойындарға деген қызығушылықты дамыту, сонымен қатар моральдық қасиеттерді, ерікті мінез-құлық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Дене тәрбиесі мәселелерін сәтті шешудің

шарттарының бірі-күн ішінде белсенді қозғалыс белсенділігі. бұл жұмыстың барлық түрлерін кешенді пайдалануды қамтамасыз етеді: дене шынықтыру, таңертеңгі гимнастика, дене шынықтыру минуттары, қимылды және спорттық ойындар, серуендеу, жеке жұмыс, балалардың өзіндік моторикасы, дене шынықтыру және мерекелер. Дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеттері балаларды дене шынықтырумен жүйелі түрде оқытудың негізгі түрі болып табылады.

Баланың өмірінің бесінші-алтынша жылдарында оның қимылдары үйлестіріліп, дәлірек болады. Ұжымдық іс-әрекет процесінде балаларда өзара бақылауды өзін-өзі ұйымдастыру дағдылары қалыптасады. Осы жастағы балалардағы дене тәрбиесі бойынша барлық жұмысты осылай ұйымдастыру керек. Оған дене шынықтырумен айналысуға, еркіндікті дамытуға, ұйымдастырылған іс-әрекет барысында барлық қимылдарды орындауға, сондай-ақ таңертеңгі гимнастика мен ашық ойындарға деген қажеттілікті арттыру қажет. Барлық ерекшеліктерді зерттегеннен кейін мен мұның бәрін балалармен дене тәрбиесі бойынша жұмысыма енгізуді шештім, онда мен ортаңғы топтан бастап дайындық тобына дейін үш жылға жоспарлап алдым деп, балалармен жүргізген жұмыстары бойынша айтып өтті.

Қаулы етті: Балалардың физикалық қасиеттерін дамыту бойынша жүргізілген

ТЫНДАЛДЫ: «Ұйқыдан кейінгі жаттығуды жүргізу әдістері» (өз тәжірибесімен бөлісу)

СӨЙЛЕДІ: Бөбекжай-бақша тәрбиешісі Султанова М. денсаулық – ағзаның жаратылыс жағдайы, адамның денсаулығын биологиялық (іштен туа біткен және жүре пайда болған сырқат белгілеріне қарап) және әлеуметтік факторларды ескере отырып, кешенді түрде анықтайды. Денсаулықты жеке адамның денсаулығы және жалпы халықтың денсаулығы деп бөледі.

Баланың денсаулығын, яғни оның организмінің клиникалық, физиологиялық және биохимиялық көрсеткіштерінің жиынтығын адамның жынысына, жасына, сондай-ақ климаттық және географиялық жағдайларына байланыстыра отырып анықтайды.

Күн тәртібіндегі денсаулық сақтау жағынан маңызды бір шара – ұйқыдан кейінгі шынықтыру кезеңі болып табылады. Баланың денсаулығын нығайту үшін, оның жас ерекшелігінің физиологиялық даму кезеңдерін және оның денсаулығын жақсарту мен қуаттайтын қажетті шараларды анық білу қажет.

Ұйқыдан кейінгі жаттығулардың негізгі мақсаты – баланың көңіл-күйін және бұлшықет тонусын қарама-қарсы ауа ванналары және физикалық жаттығулар көмегімен көтеру.

Ұйқыдан кейінгі жаттығулардың жалпы міндеттері:

- Балалардыңсымбатын сақтауға мүмкіндік жасайтын, табаны мен омыртқа қисаюын түзейтін өмірге қажетті қимыл дағдылары мен біліктілігін қалыптастыру.
- Үйлесімді, пропорционалды дене дамуына жағдай жасап, әдемі сымбатылық, кербезділікті қалыптастыру.

- Баланың қимыл қабілетін, ырғақтылығын, ұстамдылығын, саналалаған дұрыс сымбатын сақтау арқылы дамыту.

Ұйқыдан кейінгі жаттығулар мына бөлімдерден тұрады:

1. Төсектегі жаттығулар немесе өз-өзіне массаж
2. Сымбаттың және жалпақтабандылықтың бұзылуының алдын-алушы жаттығулар
3. Тыныс алу жаттығулары
4. Жеке тапсырмалар
5. Су процедуралары

Балалар ұйықтап жатқанда педагог «салқын» бөлме дайындайды. Ол бөлме ойын бөлмесі болса да болады. Бөлменің температурасы желдетудің көмегімен ұйықтаған бөлменің температурасынан 3-5 С°ға төмендетіледі. Ояту жай, байсалды музыканың дауысының біртіндеп үдеуінің көмегімен жүргізіледі. Ұйқыдан кейінгі жаттығулардың жалпы ұзақтығы кіші топтарда 7-10 минут, ересек топтарда -10-15 минутты құрайды.

Қаулы етті: Ұйқыдан кейінгі жаттығуды жүргізу әдістері материалдармен толықтыру.

СӨЙЛЕДІ: Екінші мәселе бойынша тәрбиешісі Муратова А. сөз алды. Барлық мектеп жасына дейінгі тәрбиешілер ретінде мен біздің жұмысымызда әртүрлі проблемалардың қаншалықты көп екенін білемін, бірақ бір сұрақ мені үнемі мазалайды: «Неліктен кейбір балалар бәрі түсінікті және қарапайым болған кезде ақпаратты нашар қабылдайды және есте сақтайды. Қарапайым әдісті пайдалана отырып бақылағанымда, кейбір балалар мәліметті тез қабылдайды, кейбірі баяу қабылдайды. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасау барысында мен мәтіндер, өлеңдер, әңгімелер, ертегілер болсын, ақпаратты ұзақ және оңай есте сақтау және көбейту үшін олар қабылдаған әр сөзді мазмұнмен толтыру керек екенін түсіндім. Олар үшін белгілі бір визуалды, дыбыстық суреттермен және күшті сезімдермен байланысты нәрсе болу керектігін байқадым. Бұл ретте мен үшін мнемотехника әдісі құтқарушы болды, деп педагогтармен шебер-сынып өтізіп, өз тәжірибесімен бөлісті.

Қаулы етті: Педагогтың мнемотехниканы қолдану бойынша өткізген тәжірибесі қанағаттанарлық

ТЫҢДАЛДЫ. Көрме: «Балабақшадағы денсаулық сақтау технологиясы» бойынша тәрбиешісі Муратова А.

СӨЙЛЕДІ: Үшінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша меңгерушісі кузерова Ж. сөз алды.

Мектепке дейінгі мекемеде баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға бағытталған алауан түрлі формалары мен тәсілдері бар. Осындай кешенді іс-шаралар жалпы «Денсаулық сақтау технологиялары» деп аталады. Баланы тәрбиелеу және оқыту этаптарындағы денсаулығын нығайту және сақтауды

калыптастыруға бағытталған бар білім білік дағдыларымен өзара байланысты және өзара әрекеттестіруді ұйымдастыруды ұсынды. Тәрбиеші Кузерова Ж.

Денсаулық сақтау технологияларын таңдап алу ең әуелі МДМ-нің түріне, ондағы балалардың болу мерзіміне, педагогтардың жұмыс істейтін бағдарламасына, педагогтың кәсіби құзіреттілігіне және баланың денсаулығының көрсеткішіне байланысты болатының атап өтті.

Заманауи МДМ-дегі жаңа технологияларды қарастырып ұйымдастыруды айтып өтті

1. Денсаулық сақтау және ынталандыру технологиясы
2. Салауатты өмір салтын сақтауға үйрету технологиясы
3. Түзету (коррекциялық) технологиялар

Дене тәрбиесінің әртүрлі вариаттарын қолдануды ұсынды

- Дәстүрлі сұлба бойынша іс әрекет
- Сабақ, өсімталдығы үлкен, орташа және баяу қимылды ойындар жиынтығынан құралған
- Негізгі қимыл түрлерін үрететін әрекеттер
- Ырғақты гимнастика
- Жарысу сабағы, балалар екі топқа бөлініп әртүрлі жарыс арқылы жеңімпаздарды айқындайды
- Сынақ-сабағы, балалар дене тәрбие мөлшерін тапсырады
- Мазмұнды-ойын немесе дәстүрден тыс әрекеттер

Денсаулық сақтау технологияларын осылай бөлу шартты емес, себебі олардың арасындағы шекаралар нақты көрінбейді. Мысалы алсақ, түзету технологиясы коммуникативтік ойындардан басталып, релаксациямен аяқталуы мүмкін. Ал ертегі баланың ерте сәбилік шағынан бастап сүйемелдесе, классикалық музыка баланың құрасу ішіндегі кезінен қабылданады.

Қаулы етті: «Балабақшадағы денсаулық сақтау технологиясы» жобасын іске асыру жұмыстары жалғастырылсын

ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай-бақша меңгерушісі Байхожаева А. алдағы жасалатын жұмыстарға қысқаша тоқталып өтті. Желтоқсан айында өтетін Тәуелсіздік, Жаңа жыл мерекелеріне дайындық жұмыстары, топтарды мерекеге сай безендіру, ата-аналармен көрмелер ұйымдастыру, педагогтардың аудандық, облыстық деңгейдегі өтіп жатқан сайыстарға қатысуын бақылау туралы айтты.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. «Балалардың физикалық қасиеттерін дамыту» (шығармашылық есеп беру) басшылыққа алынсын.

«Бақжан» бөбекжай-бақшасы ЖШС «Бағым» филиалы
ұжымының педагогикалық жиналысының

№3 хаттамасы

27.12.2023ж

Қатыскандар толық педагогтер

Педагогикалық кеңес төрағасы
Хатшы:



Байхожаева А.
Ерғараева Ә.

Күн тәртібінде:

Зерделеу жұмысының қорытындысы

Байхожаева А.-әдіскер

*«Инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып,
әлеуметте ауызша қарым-қатынас жасау, диалог құру дағдыларын
қалыптастыру (өз тәжірибесімен бөлісу)*

Батырбекова З.-тәрбиеші

«Әдеби ертегі» ойын-викторинасы

Султанова М.-тәрбиеші

ТЫҢДАЛДЫ: №2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай-бақшасының меңгерушісі: Байхожаева А.

өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалу барысына қысқаша тоқталып өтті. Бөбекжай-бақшаның жылдық жоспарына сай ұйымдастырылған жұмыстар уақытында жүргізілуде. Топтардың ата-аналар жиналысы өткізіліп, бөбекжай күн тәртібімен таныстырылды. Жылдық жоспарға сәйкес әдістемелік жұмыстар жүргізілуде.

Қаулы етті: Өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы қанағаттанарлық.

ТЫҢДАЛДЫ: Зерделеу жұмысының қорытындысы

СӨЙЛЕДІ: Бірінші мәселе бойынша бөбекжай- бақша әдіскер Байхожаева А. сөз алды. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудың мазмұны мен әдістері зейінін, есте сақтауын, шығармашылық қиялын дамытуға, салыстыру, заттардың сипаттамалық қасиеттерін бөліп көрсету, оларды белгілі бір критерий бойынша жалпылау, табылған шешімнен қанағаттану қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Баланың өзі заттармен әрекет еткенде, ол қоршаған әлемді жақсы түсінеді, сондықтан балалармен жұмыс істеуде практикалық оқыту әдістеріне: эксперименттерге, жобаларға, эксперименттерге басымдық берілуі керек. Жобаны жүзеге асыру барысында ата-ана мен бала қарым-қатынасы да дамыды. Жобалау-зерттеу жұмыстары ата-аналардың балалармен ынтымақтастығына белсенді қатысуын қамтамасыз етеді. Балалар үйде тәжірибелер, ата-аналарымен тәжірибелер жүргізе бастады, бұрыннан таныс жағдайларда жаңа нәрселерді аша отырып, әртүрлі идеяларды алға тарта бастады, кіші тобында тәжірибе, эксперимент, зерттеу, бақылауды қамтитын әрекеттерге балалардың қызығушылығын арттыру.

Ортаңғы топтарда балалардың белгілі бір объектілермен зерттеуге және эксперимент жасауға қызығушылықтарын, нені білгісі келетінін, нені зерттеу керектігін анықтап, жоспарларын жүзеге асыруға көмектесу үшін алдын ала тестілеу.

7. Зерттеу іс-әрекеті процесінде баланы сұрақ қоюға және зерттеу жұмысының жоспарын құруға, сызбаларды, сызбаларды, белгілерді жасауға үйрету.

8. Баланы бақылауға, өзгерістерді байқауға, нәтижелерді салыстыруға, салыстыруға, талдауға, қорытынды жасауға және жалпылауға үйрету.

9. Белсенді зерттеушілер – балаларды ынталандыру және ынталандыру әдістерін әзірлеу.

10. Ата-аналарды балаларға арналған ғылыми жобаларға тарту. Үйде эксперимент жүргізу үшін жағдай жасау бойынша кеңес беру.

Мектепалды топтарында зерттеу (эсперимент) жұмыстарын ұйымдастыруда педагог нені ескеруі керек? Бала шығармашылығын сынауға болмайды. Баланың зерттеуін төмен бағалауға болмайды. Баланың әрбір іс әрекетіне қызығушылық тудыру. Іс әрекет кезінде кезінде бала өз қателігін көре білуге талпынады. Баланы өзін өзі бағалай білуге тәрбиелеу. Зерттеу кезінде тапсырманы аяғына дейін орындауға тәрбиелеу. Зерттеу жұмысын баланың қызығушылығы аяқталғанға дейін қорытындылауымыз қажет.

Қаулы етті: Зерделеу жұмысының қорытындысы жоспар бойынша жүргізілген

ТЫҢДАЛДЫ: «*Инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып, әлеуметте ауызша қарым-қатынас жасау, диалог құру дағдыларын қалыптастыру (өз тәжірибесімен бөлісу)*»

СӨЙЛЕДІ: Бөбекжай-бақша тәрбиешісі Батырбекова З. бөбекжай-бақшадағы тәрбие үрдісінде қолданып, айтарлықтай нәтиже беріп жүрген инновациялық педагогикалық технологиялармен таныстырып өтті:

- проект әдісі (жоба)
- рольдік ойындар
- критикалық ойлау технологиясы
- «Мозайка» сабақтары
- Проблемалық оқыту әдісі
- «Миға шабуыл» әдісі
- Эвристикалық әңгіме әдісі
- Бинарлы сабақ

- Экскурсия сабағы
- Қашықтықтан оқыту технологиясы
- Ынтымақтастық технологиясы
- Дөңгелек үстел
- Саяхат сабақтары
- дамыта отырып оқыту әдістемесі
- оза отырып оқыту
- тірек және тірек конспектілер арқылы оқыту
- деңгейлеп оқыту технологиясы
- тесттік жүйемен оқыту
- иммитациялық әдіс
- мультимедия мүмкіндіктерін қолданып оқыту
- ойын технологияларын қолдану
- дискуссия сабақтары
- интеграциялық сабақ
- топпен жұмыс

Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, жас тобының мақсаттары мен міндеттерін, сөйлеуді дамыту бойынша жұмыс бағыттарын, сөйлеуді дамыту міндеттерін әртүрлі білім беру салаларына біріктіру әдістерін біле бермейді. Сондай-ақ, бастаушы мұғалімдер өз тобының балаларының сөйлеуінің жеке ерекшеліктеріне сүйене отырып, тиімді әдістер мен әдістерді тандауда қиындықтарға тап болады, әр түрлі режимде балалармен жеке жұмысты ұйымдастыруда қиындықтар туындайды. Балалардың сөйлеуін дамыту үшін топтардың дұрыс ұйымдастырылған пәндік-даму ортасы маңызды. Әр түрлі даму материалы барлық топтарда бар. Сөйлеудің дамуына тақырыптық көрмелері бар барлық топтардағы *Инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып* кітап бұрыштары, театрдың әртүрлі түрлері, рөлдік ойындарда балалардың қарым-қатынасын ұйымдастыруға болатын ойын бұрыштары, табиғат бұрыштары және т.б. балалар бақылаулар, бақыланатын объектілер мен құбылыстарды сипаттау үшін қажетті жаңа сөздермен лексиканы байыта отырып, сөйлесе алады. Топтарда тәрбиешілер балаларға оқуға арналған өлеңдер, әдеби шығармалар жинағын жинады. Балаларға қол жетімді дидактикалық және үстел үсті ойындары бар.

Алайда, тәрбиешілер театрландырылған іс-шаралар бұрыштарының, киіну бұрыштарының, балалар коллекцияларының, шығармашылық көрмелерінің даму әлеуетін жеткілікті түрде пайдаланбайды, - деді.

Қаулы етті: *Инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып, әлеуметте ауызша қарым-қатынас жасау, диалог құру дағдыларын қалыптастыру (өз тәжірибесімен бөлісу)*
тақырыптық бақылау қорытындылары қанағаттанарлық

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай-бақша меңгерушісі Байхожаева А. алдағы жасалатын жұмыстарға қысқаша тоқталып өтті. Желтоқсан айында өтетін Тәуелсіздік, Жаңа жыл мерекелеріне дайындық жұмыстары, топтарды мерекеге сай безендіру, педагогтардың қалалық деңгейдегі өтіп жатқан сайыстарға қатысуын бақылау туралы айтты.

Қаулы етті: Педагогтарды байқауларға қатыстыру қадағалансын

ТЫҢДАЛДЫ. «Әдеби ертегі» ойын-викторина

СӨЙЛЕДІ: Үшінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша тәрбиешісі Султанова М. Барлық мектеп жасына дейінгі тәрбиешілер ретінде мен біздің жұмысымызда әртүрлі проблемалардың қаншалықты көп екенін білемін, бірақ бір сұрақ мені үнемі мазалайды: «Неліктен кейбір балалар бәрі түсінікті және қарапайым болған кезде ақпаратты нашар қабылдайды және есте сақтайды. Қарапайым әдісті пайдалана отырып бақылағанымда, кейбір балалар мәліметті тез қабылдайды, кейбірі баяу қабылдайды. Балаларға арналған әдеби викторинаны ойын түрінде өткізуге болады, бұл балалардың қызығушылығын арттырады. Сіз барлық тапсырмаларды бір тақырыппен біріктіре аласыз, мысалы, ертегі. Негізгі мақсаттардың қатарына мыналар жатады: балалардың оқуын белсендіру; өтілген тақырыптар бойынша білімдерін бекіту, оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру, балалар ертегілерінің авторлары мен кейіпкерлерінің есімдерін қайталау. Әдеби викторинаны топ аралық балалармен ұйымдастырады. Бұл өтілген тақырыптар бойынша алынған білімді бақылау түрі. Нәтиженің қаншалықты көңілді және сапалы болатыны мұғалімнің мұқият дайындығына байланысты. Әдеби викториналардың мақсаты оқуға деген қызығушылықты дамыту. Кітаптар студенттер үшін шынайы дос болуы керек. Әдеби викторинаны ойын түрінде өткізуге болады.

- *Тәрбиелік* - сабақта алған білімдерін тереңдету және бекіту. Олардың ой-өрісін кеңейту.
- *Дамуда...* Ол жас кезінде қажет болатын логикалық және қиялдық ойлауды дамытудан тұрады. Шығармашылық қабілетін қалыптастыру, қиялын белсендіру.

Қаулы етті: «Әдеби ертегі» ойын-викторина барлық топтар бала жас ерекшеліктеріне қарай ұйымдастырылсын

ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай-бақша меңгерушісі Байхожаева А. алдағы жасалатын жұмыстарға қысқаша тоқталып өтті., Жаңа жыл мерекелеріне дайындық жұмыстары, топтарды мерекеге сай безендіру, педагогтардың қалалық деңгейдегі өтіп жатқан сайыстарға қатысуын бақылау туралы айтты.

Педагогикалық кеңес шешімі:

Зерделеу жұмысының қорытындысы басшылыққа алынсын.

Мерзімі: тұрақты

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер

«Инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып, әлеуметте ауызша қарым-қатынас жасау, диалог құру дағдыларын қалыптастыру өз жалғасын тапсын»

Мерзімі: тұрақты

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер

«Әдеби ертегі» ойын-викторинасы топтардза балаалрмен жас ерекшелігін ескере отырып ұйымдастырылсын.

Мерзімі: тұрақты

Жауаптылар: тәрбиешілер.

Педкеңес төрағасы:

Педкеңес хатшысы:



Байхожаева А.

Ерғараева Ә.

**«Бақжан» бөбекжай-бақшасы ЖШС «Бағым» филиалы
ұжымының педагогикалық жиналысының
№4 хаттамасы**

23.02.2024 ж

Қатысқандар толық педагогтер

Педагогикалық кеңес төрағасы: Байхожаева А.
Хатшы: Ерғараева Ә.



Күн тәртібінде:

«Баланың шығармашылық қабілетін және өз бетінше шығармашылық ізденісін дамыту» (өз тәжірибесімен бөлісу)

Тәрбиеші-Ерғараева Ә.

«Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін қалай дамытамын» (шығармашылық есеп беру)

Тәрбиеші- Кузерова Ж.

Шебер сынып: «Сурет салу техникасы»

Тәрбиеші-Батырбекова З.

Тренинг : «Педагогтың эмоционалды тұрақтылығы»

Тәрбиеші- Бектурсынова А.

ТЫҢДАЛДЫ: №3 педкеңестің шешімдерінің орындалуы

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай-бақшасының меңгерушісі: Байхожаева А. өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалу барысына қысқаша тоқталып өтті. Бөбекжайдың жылдық жоспарына сай ұйымдастырылған жұмыстар уақытында жүргізілуде. Топтардың ата-аналар жиналысы өткізіліп, бөбекжай күн тәртібімен таныстырылды. Жылдық жоспарға сәйкес әдістемелік жұмыстар жүргізілуде.

Қаулы етті: Өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы қанағаттанарлық.

ТЫҢДАЛДЫ: «Баланың шығармашылық қабілетін және өз бетінше шығармашылық ізденісін дамыту» (өз тәжірибесімен бөлісу)

СӨЙЛЕДІ: Бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша тәрбиеші Ерғараева Ә. сөз алды. Мектепке дейінгі балалардың бейнелеу қабілеттері мен шығармашылығын қалыптастыру қазіргі таңда ең өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Ғалым-педагогтар мектеп жасына дейінгі балалардың бейнелеу қабілетінің

дамуын жан-жақты әлі де қарастыруды қажет етеді деген пікірлер айтуда. Бала мектепке келгенде қабылдау, ойлау және есте сақтау қабілеті жоғары дәрежеде болуы тиіс. Сондықтан балаға мектепке дейін бейнелеу қабілетін дамыту маңызды. Осы жасқа лайықты ойлау, есте сақтау қабілеті мен ақыл-ой және ересек адамның парасатты қамқорлығынсыз баланың талабы толығымен ашылмай қалуы мүмкін. Мектепке дейінгі балалық шақта есте сақтау, бейнелеу

- Баланың жеке ерекшелігін, дарынын зерттеу;
 - Балалар шығармашылық өнімдерін жариялау;
- Игерілген нәтижелерді бақылау.

Отбасы тәрбиесін ұйымдастыруға қойылатын жалпы талаптармен ата-аналармен

- ❖ баланың өзінің шығармашылық ойын еркін білдіруге мүмкіндік беру;
- ❖ баланы нәтижелі, бейнелеу іс – әрекеттеріне жағдай жасау;
- ❖ баланың қызығушылығын, бейімделігін зерттеу және оларды дамытуға ынталандыру;
- ❖ табиғат құбылыстарын бақылау, эстетикалық талғамы мен өнер туындыларына қызығушылығын тәрбиелеу;
- ❖ қазақ және басқа да халықтардың әдеби, музыкалық және халық ауыз әдебиеті шығармаларын тыңдау;
- ❖ жетістікке жету жағдайын жасау; баланың қабілеті мен бейімін зерделей отырып, шығармашылық өсуі үшін мүмкіндіктер жасау.

Шығармашылық білім саласының базалық мазмұны:

- сурет салу;
- мүсіндеу;
- жапсыру;
- музыка.

Мектеп жасына дейінгі кезеңде қиял – қоғамдық тәжірибені меңгерудегі алғышарттары болып келеді, өйткені балалар қоршаған ортаны, адамгершілікті, эстетикалық идеяларды өзіндік көзқараспен қабылдайды.

Т.Рибонның айтуынша, баланың шығармашылық қабілеті тәжірибелілігіне байланысты дамиды деп тұжырымдайды. Мектеп жасына дейінгі кезең – қиялдың тез дамиды уақыты. Сондықтан қиялдың дамуын төрт ерекше кезеңдерге бөлуге болады (2 жастан 5жасқа дейінгі аралықта):

1. Бірінші кезең баланың қабылдауының ерекшелігіне байланысты (бір заттан басқа бір затты көре бастауы);
2. Екінші кезең – қиялдың ойыншықтарды жандандыру құдіретінің байқалуы;
3. Үшінші кезең – ойындағы рөлдерге байланысты өзгеруі;
4. Төртінші кезең – бала қиялында өзіндік көркемдік шығармашылықтың басталуы (бейнелерді қайта құруы, жасауы).

Балалардың шығармашылық қабілетін дамытуда логикалық тапсырмалар орындатудың маңызы зор. Логикалық тапсырмалар оқушыларды белсенділікке тәрбиелеу, өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландыру, сондай-ақ оқушыларды икемділік пен шеберлікке баулу мақсатында пайдаланылады.

Қаулы етті: «Баланың шығармашылық қабілетін және өз бетінше шығармашылық ізденісін дамыту» жұмыстары өз жалғасын тапсын

ТЫНДАЛДЫ: «Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін қалай дамытамын

СӨЙЛЕДІ: Бөбекжай-бақша тәрбиешісі Кузерова Ж. бөбекжай-бақшадағы балалардың шығармашылық қиялы мен қабілетін дамыту, олардың практикалық дағдыларын иемденуі сәбилік кезеңнен басталады. Балалар тілді меңгере отырып, заттарды, олардың қасиеттері, белгілері туралы білімді игере бастайды. Мектепке дейінгі балаларға арналған көркем шығармалар баланы шынайы болмысты нақты әрекетімен таныстыра отырып, оны көркемдеп, баяндап, баланың сөздік қорын молайтып, тілін байытады, көркем өнерге қызығушылығын арттырып, шығармашылық қабілеттерінің ашылуына мүмкіндік беру міндетіміз. Осы орай да өзімнің мектепалды топтарында жүргізген әдістеріммен бөліскім келеді.

Осы бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінде тәрбиеленушілердің дарындылығын дамытуда әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланамыз.

Құммен сурет салу;

Бір басылым;

Бастырма;

Нүктелі арқылы сурет салу;

Әртүрлі заттарды пайдалану арқылы далаппен сурет салу;

Сия тамшысымен саусақпен сурет салу.

«Жіп» графикасы тіс пастасы

Шығармашылық ұйымдастырылған іс-әрекеттері балаларды шығармашылыққа баулу жүйелі түрде оқытудың негізгі түрі болып табылады.

Оған дене шынықтырумен айналысуға, еркіндікті дамытуға, ұйымдастыршығармашылығын дамыту барысында барлық тәсілдерді орындауға, деген қажеттілікті арттыру қажет. Барлық ерекшеліктерді зерттегеннен кейін мен мұның бәрін балалармен дене тәрбиесі бойынша жұмысыма енгізуді шештім, онда мен ортаңғы топтан бастап дайындық тобына дейін үш жылға

Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, жас тобының мақсаттары мен міндеттерін, сөйлеуді дамыту бойынша жұмыс бағыттарын, сөйлеуді дамыту міндеттерін әртүрлі білім беру салаларына біріктіру әдістерін біле бермейді. Сондай-ақ, бастаушы мұғалімдер өз тобының балаларының сөйлеуінің жеке ерекшеліктеріне сүйене отырып, тиімді әдістер мен әдістерді таңдауда қиындықтарға тап болады, әр түрлі режимде балалармен жеке жұмысты ұйымдастыруда қиындықтар туындайды. Балалардың шығармашылығын дамыту үшін топтардың дұрыс ұйымдастырылған пәндік-даму ортасы маңызды. Әр түрлі даму материалы барлық топтарда бар. Шығармашылығын дамытуда барлық жас ерекшеліктер қамтылады. Барлық әдіс тәсілдерді зерттегеннен кейін мен мұның бәрін балалармен шығармашылық бойынша жұмысыма енгізуді шештім, онда мен ортаңғы топтаң бастап дайындық тобына дейін үш жылға жоспарлап алдым деп, балалармен жүргізген жұмыстары бойынша айтып өтті.

Қаулы етті: «Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту қорытындылары қанағаттанарлық

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай -бақша меңгерушісі Байхожаева А.

тәрбиешілер шығармашылық дағды арқылы балалардың үйлесімді сөйлеуін және басқалармен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру үшін карта-схемаларды қолдана отырып жұмыс жүргізді, сонымен қатар жаңа педагогикалық технологиялар қолданылды. Әңгімелер құрастырудағы алгоритмдер, еліктеу ойындары, саусак ойындары, логикалық жаттығулары бар карталар. Бұл мәселе бойынша кеңестер, іскерлік ойындар, викториналар түрінде берілді. Бірақ балалардың сөйлеуін дамыту маңызды негізгі міндеттердің бірі болып қала береді және оны үнемі зерделеу қажет.

Қаулы етті: Балалардың шығармашылығын дамытуда педагогтарға мен әдіс тәсілдерді үйрету бойынша шебер сынып ұйымдастырылсын

ТЫҢДАЛДЫ. Шебер сынып: «Өз ойынан ертегі құрастыр»

СӨЙЛЕДІ: Үшінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша тәрбиешісі – Батырбекова З сөз алды. Баланың ертегі сюжетіне әсерленуі, кейіпкердің қиыншылықтарына алаңдауы оның келешекте өз алдында пайда болатын кедергілерден қиналмай өтуіне іштей дайындығын туындатады. Практикалық психологияның ертегілік терапия бағыты – баланың жақсылық пен жамандықты айыруына, мінез-құлықтық стереотиптерді тануына көмектесіп, адамдардың өмірде алдынан шығатын сан түрлі қиыншылықты ең соңында жеңе аларына деген сенімін нығайтады. Өзімнің іс тәжірибиемде ертегін көп өолданамын себебі ертегі терапиясы арқылы балаға мынадай қасиеттерді сіңіруге болады

- Баланың шығармашылығы дамиды;
- Ойлау қабілеті дамиды;
- Баланың бойында тапқырлық дамиды;
- Өз ойын жеткізе білу;
- Рөлге ене білу;
- Сөйлеу мәдениеті және т.б. қасиеттері дамиды.

Ертегі терапиясының жетекші идеяларын бөліп көрсетуге болады сол себепті ата аналармен педагогтармен өз ойыңнан ертегі құрастыру шебер сыныбын ұйымдастырды.

Сондай-ақ, бастаушы мұғалімдер өз тобының балаларының сөйлеуінің жеке ерекшеліктеріне сүйене отырып, тиімді әдістер мен әдістерді таңдауда қиындықтарға тап болады, әр түрлі режимде балалармен жеке жұмысты ұйымдастыруда қиындықтар туындайды. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамытудың негізгі құралы ұйымдастырылған сабақтарды көрсететін және сөйлеу ортасын құруға және балалардың жасына сәйкес әртүрлі әдістемелік әдістерді қолдануға назар аудармайтын мұғалімдердің қате пікірін атап өткім келеді.

Қаулы етті: «Өз ойынан ертегі құрастыру» бойынша шебер сыныптары қанағаттарлық деп танылсын

ТЫНДАЛДЫ. Тренинг : «Педагогтың эмоционалды тұрақтылығы»
СӨЙЛЕДІ: Үшінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша тәрбиешісі Бектурсынова А.
«Психологиялық денсаулық» ұғымымен танысу бойынша педагогикалық тренинг
өткізді мұндағы мақсат

- Педагогтың эмоциялық мәдениеті деңгейін арттыру, эмоциялық икемділікті дамыту;
- Жағымды эмоциялық жай-күйді қалыптастыру;
- Релаксация және өзін-өзі реттеу арқылы эмоциялық күюдің алдын алу;
- Тілдесудің жағымды пайдалы тәжірибесі арқылы невроздың алдын алу;
- Топтық ауызбірлікті арттыру;
- Педагогтардың бұлшықет және эмоциялық шиеленісін алу.

Сондықтан ата-ананың бала көңілін таба білуіне ой қозғау, өзін-өзі тануына бағыт беру, тәрбие жайлы пікір бөлісу, ата-аналарға балаға рухани тәрбие берудегі отбасының рөлі зор екендігін айтты. Осы мәселе бойынша педагог-психолог тренингі уақытылы жүргізді.

Педагогикалық кеңес шешімі:

«Баланың шығармашылық қабілетін және өз бетінше шығармашылық ізденісін дамыту» (өз тәжірибесімен бөлісу)

Мерзімі: тұрақты

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер

«Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін қалай дамытамын» (шығармашылық есеп беру)

Мерзімі: тұрақты

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер

Шебер сынып: «Өз ойынан ертегі құрастыр» топтарда балалармен жас ерекшелігін ескере отырып ұйымдастырылсын.

Мерзімі: тұрақты

Жауаптылар: тәрбиешілер

Тренинг : «Педагогтың эмоционалды тұрақтылығы» тренингі өз жалғасын тапсын.

Педкеңес төрайымы:

Хатшы:



Байхожаева А.

Ерғараева Ә.

**«Бақжан» бөбекжай-бақшасы ЖШС «Бағым» филиалы
ұжымының педагогикалық жиналысының**

№5 хаттамасы

Қатысқандар: толық педагогтар
26.05.2023ж

Тақырыбы: “2023-2024 оқу жылының қорытындалары”

Мақсаты: Бөбекжай-бақшаның оқу тәрбие жұмысының жағдайын анықтау, келесі оқу жылының жұмыс бағытын белгілеу.

Күн тәртібінде:

1. Балалардың бағдарламалық материалдарды меңгеруі, әдіскер есебі.
2. «Бақжан» бөбекжай-бақшасы ЖШС «Бағым» филиалы 2023-2024 оқу жылындағы жұмысының қорытындысы.
3. Түрлі мәселелер.

Тындалды:

Бірінші мәселе бойынша «Бақжан» бөбекжай-бақшасы ЖШС «Бағым» филиалы 2023-2024 жылы оқу жылындағы барлық жасалған іс-шаралар, ұйымдастырылған оқу қызметі, бірлесіп жасалған ішінара сайыстар, топтар арасындағы ашық көрсетілімдер тағысын тағы көптеген жұмыстар жасалды. Барлығы оқу жылының басында құрылған жылдық жоспар бойынша іске асты.

Одан әрі бөбекжай-бақша педагогтері тапсырылған есептің мазмұнында әр маман өзінің жыл бойында жасаған жұмысын тізіп жазып, есеп береді. Әр түсіндірмеде өзінің білім деңгейінің көрсеткіші бейнелеп деңгейі бар болса, анықтап жазып тапсырылады. Өзіндік есеп барлық маманға міндеттеледі, себебі барлық маман өзінің ісінің нәтижесіне қорытынды есеп беруі міндетті.

Екінші мәселе бойынша индикатор деп аталатын есеп түрін тапсырамыз. Индикатор не үшін керек, ол бір жыл бойында баланың не білді? Не біледі? Деген сұраққа жауап беру үшін арналған. Жыл басында бала өзін жыл соңында меңгере алды ма, жоқ па, деп нәтиже деңгейін көрсету үшін. Индикаторды тәрбиеші аз топ балаларына және педагогтар жасайды. Бір жылда үш рет жасалады.

Келесі мәселе бойынша іскерлік ойын немесе тренинг бойынша айтар болсақ, ол ұжымның бірлескен іс-әрекетін көрсетеді. Яғни, ұжым болып бірге өз білім алу мақсатында өздері ұйымдасып өтеді. Жалпы мақсат педагогикалық білім деңгейін көтеру. Әрі қарай, жазғы сауықтыру ол балабақшамыздың жаз мезгілі бойынша бір күндік күн тәртібін ең бірінші көңілді, қызықты және есте қаларлық сәт етіп көрсету.

Қаулы етілді:

1. Балалардың бағдарламалық материалдарды меңгеруі қанағаттанарлық деп танылсын.
2. «Бақжан» бөбекжай-бақшасы ЖШС «Бағым» филиалының 2023-2024 оқу жылындағы жұмысының қорытындысы жақсы деңгейде деп танылсын.
3. Жазғы сауықтыру шаралары тиімді жоспарлансын.

Жиналыс төрағасы:
Хатшы:



Байхожаева А.
Ерғараева Ә.